ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 11 қараша Іс №7119-24-00-2/14014 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Білітілікті Арттыру және Даярлау Республикалық орталығы "ҚазПроф"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану;
2) тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"Білітілікті Арттыру және Даярлау Республикалық орталығы "ҚазПроф"" ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 11.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.12.2024, судья Бертыбаева С. Т., 26.12.2024
7119-24-3-1/13450

"Білітілікті Арттыру және Даярлау Республикалық орталығы "ҚазПроф"" ЖШС-нен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

"Білітілікті Арттыру және Даярлау Республикалық орталығы "ҚазПроф"" ЖШС-нен "Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 150 (бір жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы, 5 (бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 11.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2024, судья Бертыбаева С. Т., 26.12.2024